

᠑ᠶᠠᠮᠠᠨᠢ

البيبي<sup>ء</sup>

البيبي

*ӘЛІПБИ*

Älɪpbi

ЭНЦИКЛОПЕДИЯЛЫҚ  
АНЫҚТАМАЛЫҚ



ARDA+7

Алматы  
2020

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі  
Тіл саясаты комитетінің тапсырмасы бойынша  
«Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың  
2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы»  
аясында шығарылды*

**Құрастырушылар алқасы:** Е. Тілешов, Л. Есбосынова, Н. Аитова,  
С. Омарова, Б. Ысқақ, Г. Мамырбек, А. Қожахмет (жауапты редактор)

**Ә55 ӘЛПБИ. Энциклопедиялық анықтамалық.** – Алматы: «Арда+7», 2020. – 368 бет.

ISBN 978-601-7355-75-3

Энциклопедиялық анықтамалықта әліпби, емле және дүниежүзіндегі жазу түрлері мен тілдің дыбыстық жүйесіне қатысты терминдер қамтылған. Жазудың тарихы, даму үрдісі және қазіргі күйі туралы мол мәліметтер топтастырылған. Сонымен бірге тіл білімі ғылымының осы салалары бойынша еңбек жазған ғалымдар туралы да деректер берілген.

Кітап ғалымдарға, әдіскерлерге, тіл саласының мамандарына, оқытушыларға, студенттерге, магистранттарға, докторанттарға, жалпы осы тақырыпқа қызығушылық танытқан барша қауымға арналады.

ӘОЖ 80/81  
КБЖ 81.2-8

© «Шайсұлтан Шаяхметов атындағы  
«Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-  
практикалық орталығы» КеАҚ, 2020  
© «Арда + 7», 2020

әріптері енген, соңғы екі әріп грек тілінен кірген сөздер үшін алынған. J, U, W әріптері Қайта Өркендеу дәуірінде пайда болды. Орта ғасырларда Л.э. Европа, Африка, кейіннен Азияда тұратын бірқатар халық пайдалана бастады. Л.э. бұрынғы КСРО құрамындағы түркі халықтары 1926 жылдан 1940 жылға дейін қолданды, оның ішінде қазақ тілі де (1929-1940) бар. Кеңес Одағы тарағаннан кейін әзербайжан, ғағауыз, қарақалпақ, өзбек, түркімен сияқты түркі тілдері латын әліпбиіне көшірілді. Л.э. әліпбиі халықаралық қатынастардың барлық салаларында қолданылатын негізгі әліпби. Интернет кеңістігіндегі домендер мен символдар негізінен осы әліпбиді қолданады. Қазақ тілін латын әліпбиіне көшіру мәселесі 2017 жылдан басталған.

**«Латын әліпбиі: теория, әдістеме және насихат»** – қазақ тілін латын әліпбиіне көшіруге байланысты жүргізілген әдістемелік, сараптамалық, сынамалық жұмыстар мен насихат шаралары туралы мәліметтер және ғылыми зерттеу материалдары енгізілген жинақ. 2019 жылы ҚР Мәдениет және спорт министрлігі Тіл саясаты комитетінің тапсырысымен «Қазақстан Республикасы тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» аясында шығарылған. Көлемі 278 бет. Таралымы 1000 дана.

**Латын әліпбиіндегі алғашқы қазақ оқулықтары** – 1929-1941 жылдар аралығында жарық көрді, саны шамамен 3600. Л.э.а.қ.о. философия, психология, логика, дін, тіл білімі (теориялық, әдістемелік), қоғамдық-саяси ғылымдар, медицина, ауыл шаруашылығы, техника, өнер, тарих, әдебиет, география т.б. салаларды қамтыды. Л.э.а.қ.о. қатарына Т.Шонанұлы мен М.Жолдыбайұлының «Әліппе», С.Жиенбаевтың «Оқуға арналған кітап», С.Аманжоловтың «Жаңа әліпби», С.Кеңесбаев, А.Садуақасовтың әдістемелік оқу құралдарын жатқызуға болады.

**«Латын әліпбиіне көшу: ғылыми-қоғамдық негіздер, даму процесі және басты мәселелер»** – Ұлттық комиссия жанындағы жұмыс топтарының әзірлеген емле ережелерін талқылау, сараптау, сынамадан өткізу жұмыстарының қорытындысы мен ғылыми-зерттеу материалдары енгізілген жинақ. 2018 жылы ҚР Мәдениет және спорт министрлігі Тіл саясаты комитетінің тапсырысымен «Қазақстан Республикасы тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» аясында шығарылған. Көлемі 276 бет. Таралымы 1000 дана.

**«Латын әрпі жайында»** – Ж.Ақпанбетовтің «Еңбекші қазақ» газетінің 1927 жылғы 26 ақпандағы санында жарияланған мақаласы. Автор латын әрпін алу-алмау туралы ауызша айтыстар, газет бетінде мақалалар жарияланып жатқанын айта келіп, қазақ секілді мәдениеті жаңа өркендеп келе жатқан елдің оқығандары қайсысы пайдалы екенін жіті қарап тексерулері керек екенін айтады. Екі жазуды тексергенде «қай әріп жазуға жеңіл, қай әріп үйренуге оңай, қай әріп шаруашылық жағынан пайдалы, арзан, қазақ елінің осы күнгі және келешектегі мәдениетіне қайсысы жақын, латын әрпін алғанда, қандай зиян, қандай пайда бар, қалай,